## Психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

**Психологиялық қызметтің мақсаты** – білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;

3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;

4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілерде жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру жолымен өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге оқу дағдыларын қалыптастыру және қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;

6) білім беру процесіне қатысушыларға білім беру процесіне қатысушылардың жеке құқықтарына нұқсан келтірмей, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу;

7)білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағытталған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін педагогтар мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық, әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

**2023-2024 оқу жылында анықталған мәселелер, орындалуға тиіс шаралар:**

- оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг оқиғаларының жиілеу жағдайына байланысты осы бағытта жұмыс барысын үдету;
- оқушылардың эмоционалды интелектісін жоғарылату;
- орқушылардың ақпараттық сауапттылықтарын (дұрыс ақпарат көздерін таба білу) арттыру;
- оқушыларды оқыту-тәрбиелеу процесін барынша цифрландыру;
- оқушылардың әлеуметтену динамикасын сапалы жүргізу, сынып жетекшілерді процеске тарту;

## Психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының кестесі

| № | Іс-шаралар | Жауапты | Орындау мерзімі | Есептік формасы |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Психологиялық қызметтің жұмысы туралы бұйрық шығару | ББҰ басшысы | Қыркүйек | Бұйрық |
| 2. | Психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың құрамын және лауазымдық міндеттерін бекіту | ББҰ басшысы | Қыркүйек | Лауазымдық нұсқаулықтар |
| 3. | Психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың біліктілігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету шаралары | ББҰ басшысы | Үнемі | Білігтілікті арттыру сертификаттары |
| 4. | Психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың жұмысы туралы талдамалық есепті тыңдау және бекіту | ББҰ басшысы | Жылына кем дегенде 1 рет | Талдамалық есеп |
| 5. | Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдары негізінде психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеуге мұқтаж білім алушылардың тізімін, жеке оқу жоспарларын, жеке-дара дамытатын жеке бейімделген оқу бағдарламаларын қамтитын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын, мамандардың бағдарламаларын бекіту | ББҰ басшысы | Қыркүйек, одан әрі қажеттілігіне қарай | Тізім, жеке оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары |
| 6. | Психологиялық қызметтің мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар жұртшылығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіру | ДТЖЖО | Үнемі | Хаттамалар, қатынас хаттар |
| 7. | Оқушылардың әлеуметтену динамикасын мониторингілеу | ДТЖЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекші, көшбасшы | Тоқсанына 1 рет | Мониториг |
| 8. | Жылдық жоспар негізінде мектептің тәрбие процесін зерделеу | ДТЖЖО | Жеке жоспар негізінде | Есептер, анықтамалар, ақпарлар |
| 9. | Ата-аналар жиналысында ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді психологиялық | Педагог-психолог, сынып жетекші | Қыркүйек | Хаттамалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қызметтің жұмысымен таныстыру, танысқандықтары туралы арнайы формаға қол қойдыру | | | |
| 10. | Жеке жылдық жоспар негізінде диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жұмыстарды жүзеге асыру | Педагог-психолог | Жеке жоспар негізінде | АСППМ жүйесінің толтырылуы |
| 11. | Бақылау, тереңдетілген тексеру, ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдерден алынған мәліметтер, психологиялық қызмет және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарының қорытындылары мен ұсынымдарын зерделеу негізінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау | Педагог-психолог | Қыркүйек, одан әрі қажеттілігіне орай | Бағалау парағы, мінездеме |
| 12. | Әкімшіліктің сұрауы және ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің келісімі негізінде білім алушының тұлғасына психологиялық зерттеу жүргізу, баланың психоэмоциялық жағдайына баға беру және қажет болған жағдайда уақтылы психологиялық көмек көрсету мақсатында жеке-дамыту сабақтарын өткізу | Педагог-психолог | Қажеттілігіне қарай | жеке-дамыту жоспары, сабақ жоспарлары |
| 13. | Білім беру процесіне қатысушылармен психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті арттыру бойынша іс-шаралар өткізуге қатысу және білім алушыларды оқытудың, дамыту мен әлеуметтендірудің тиімді тәсілдерін, әдістері мен технологияларын енгізуге жәрдемдесу | Педагог-психолог | Үнемі | Әдістемелі құралдар, хаттамалар |
| 14. | Білім алушылардың деструктивті мінез-құлқының туындауының алдын алуға қатысу және қажет болған жағдайда тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтендіру мәселелерінде көмек көрсету бойынша білім беру процесіне қатысушыларға ұсынымдар әзірлеу | Педагог-психолог | Үнемі | Ұсынымдар, хаттамалар |
| 15. | Сұраныс бойынша сынып жетекшісімен бірлесіп психологиялық-педагогикалық | Педагог-психолог | Сұраныс бойынша | Сараптама қорытындылары |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сипаттамалар мен психологиялық зерттеулер материалдары бойынша қорытындылар жасау | | | |
| 16. | Білім алушыларды оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша білім беру процесіне қатысушыларға консультациялық көмек көрсету | Педагог-психолог | Үнемі | АСППМ жүйесіне тіркеу |
| 17. | Жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның микроорталарын, әлеуметтік өмір сүру жағдайларын, сабақтан себепсіз қалмауларын зерделеу | Әлеуметтік педагог | Жеке жоспар негізінде | Хаттамалар, сабаққа қатысу журналы, ақпарлар |
| 18. | Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалды жағдайларын, мінез-құлқының бұзылуын анықтау және оларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы көрсету | Әлеуметтік педагог | Үнемі | Хаттамалар, анықтамалар |
| 19. | Отбасында және білім беру ұйымында бала құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру | Әлеуметтік педагог | Үнемі | Бұйрықтар, сауалнамана қорытындысы, кестелер, |
| 20. | Мектеп-лицейдің әлеуметтік төлқұжатын жасау | Әлеуметтік педагог | Қыркүйек, өзгеріс енген сайын | Әлеуметтік төлқұжат |
| 21. | Мектеп-лицейдің әлеуметтік қорын құру | Әлеуметтік педагог | Қыркүйек, өзгеріс енген сайын | Әлеуметтік қор |
| 22. | Әлеуметтік осал тобына жататын отбасынан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету | Әлеуметтік педагог, сынып жетекші | Арнайы бұйрық негізінде | ҮТЖ актісі |
| 23. | Сыныптың әлеуметтік қорын құру | Сынып жетекшілер | Қыркүйек, өзгеріс енген сайын | Сыныптың әлеуметтік қоры |
| 24. | Білім алушылардың үлгерімі мен жалпы даму динамикасының жай-күйін талдауды жүзеге асыру | Сынып жетекшілер | Тоқсанына 1 рет | Мониторинг |
| 25. | Білім алушылар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастарды реттеу | Сынып жетекшілер | Үнемі | Хаттамалар, ақпарлар |
| 26. | Сынып ұжымында жалпы қолайлы психологиялық климатқа ықпал ету | Сынып жетекшілер | Үнемі | Бақылау мониторингі |
| 27. | Білім алушыларға коммуникативтік қасиеттерді қалыптастыруға көмек көрсету | Сынып жетекшілер | Үнемі | Хаттамалар, ақпарлар |
| 28. | Сынып оқушыларының сабаққа қатысуын, сыртқы түрін, эмоционалды-психологиялық жағдайын бақылауды жүзеге асыру | Сынып жетекшілер | Үнемі | Мониторинг |
| 29. | Оқушылардың эмоционалды | Психологиялық | Тоқсанына 1 | Ақпар, фото |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | интеллектісін дамыту мақсатында дамытушылық тренингтер ұйымдастыру | қызмет | реттен әр сыныпқа | |